

## "Ақтау теңіз сауда порты" инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 6 қыркүйек N 1236

Каспий теңізіндегі Ақтау теңіз сауда порты арқылы Қазақстан Республикасының экспорттық-импорттық жүктерді тасымалдау қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтау теңіз сауда портын жаңғырту және кеңейту жұмыстарын жүргізуде. Европалық Қайта Жаңарту және Даму (ЕҚЖД) Банкінен 57,0 (елу жеті) млн. АҚШ доллары сомасында ұзақ мерзімді кредит алу жөнінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жүргізген жұмыс мақұлданын.

2. Ақтау теңіз сауда портын жаңғыртуға 57,0 (елу жеті) млн. АҚШ доллары сомасында Европалық Қайта Жаңарту және Даму Банкімен кредиттік келісім бойынша Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заемшы болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі жобаға сараптама жүргізіп, жоба бойынша қорытындыны Қазақстан Республикасының Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне тапсырсын; <\*>

20,0 (жиырма) млн. АҚШ долларына тең мөлшерде жобаны жүзеге асыру үшін қажетті ұлттық валютадағы ішкі кредитті Ақтау теңіз сауда портына берсін.

4. Қазақстан Республикасының Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет: <\*>

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп аталған жобаның жүзеге асырылуын үйлестіруді және бақылау жасауды қамтамасыз етсін;

Ақтау теңіз сауда портының бүкіл жұмысын тұтас қамтамасыз ететін N 9, 10 мұнай айлақтарына толқын тоспасымен маңайлау бөгетін жаңғыртуды қаржыландыру жөнінде Европалық Қайта Жаңарту және Даму Банкімен келіссөз жүргізісін.

ЕСКЕРТУ. 3,4-тармақтарға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің  
1996.08.20. N 1031 қаулысымен. P961031\_

5. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Маңғыстау әкімімен бірлесіп Ақтау теңіз сауда портын кеңейтуге жер бөліп беруді және қазіргі уақытта "Каспий жағалауы құрылысының басқармасы" акционерлік қоғамы алып отырған жер учаскесін пайдалану құқығын беруді белгіленген тәртіппен ресімдесін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік

комитеті Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен бірлесіп Ақтау теңіз сауда портын кеңейтуге бөлінген аумақтағы көшірілетін объектілерді қаржыландырудағы Ақтау теңіз сауда порты мен атом энергетикасы мен өнеркәсібі бойынша "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының қатысу үлесін белгілесін.

7. Ақтау теңіз сауда порты Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне кредитті өтеуге кепілдік міндеттемелерін ұсынсын.

Сақтандыру жарнасын, қызмет көрсетуші банктердің сыйақысын, басқа да жолай шығындар мен проценттерді төлеу, сондай-ақ кредитті өтеу Ақтау теңіз сауда портының өз қаржысы есебінен жүргізілетіні ескерілсін.

8. Маңғыстау облысының әкімі Европалық Қайта Жаңарту және Даму Банкі қаржыландыратын Ақтау теңіз сауда портын жаңғырту және кеңейту жөніндегі жобаны жүзеге асыру процесіне қолдау көрсетсін, сондай-ақ халықаралық стандарттар талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі аталған жобаның орындалуына және кредиттер бойынша төлемдердің уақтылы төленуіне бақылау жасалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі